

**СҮЙІКТІ БАСЫЛЫМЫҢЫЗҒА
ЖАЗЫЛУҒА АСЫҒЫҢЫЗ!**

Өмірбек Шәменов – 70 жыл

Еңбектің құдіреті

БЕЛГІЛІ ЖАЗУШЫ ЖАҚАУ ДӘУРЕНБЕКОВ «ОЙ ДАУА» ДЕГЕН КІТАБЫНДА: «ЕҢБЕК – ТАҒДЫРДЫҢ АДАМҒА БЕРГЕН СЫЙЫ. ЕҢБЕКТІҢ ҮРДІСІ – ЖҰМЫСТА, ҮЛГІСІ – ҚҰМЫРСҚА. АДАЛ ЕҢБЕК – АДАМНЫҢ АДАЛ ОЙЫНЫҢ КӨРІНІСІ» ДЕП ЖАЗЫПТЫ. ӨМІРБЕКТІҢ ТӘРБИЕ АЛҒАН ОРТАСЫ ДА ЕҢБЕКТІҢ ҚҰДІРЕТІН ҚАСТЕРЛЕЙ БІЛГЕН ӨЗІНШЕ БІР ӘЛЕМ. ӘКЕСІ МӨКЕҢ, МӨРӘЛІ ШАМЕНОВ ҰЛЫ ОТАН СОҒЫСЫНА ҚАТЫСЫП, 1946 ЖЫЛЫ ЕЛГЕ КЕЛГЕНДЕ КЕУДЕСІНДЕ «ҚЫЗЫЛ ЖҰЛДЫЗ», «ОТАН СОҒЫСЫНЫҢ І, II ДӘРЕЖЕЛІ» ОРДЕНІ ЖӘНЕ ЖАУЫНГЕРЛІК ТӨРТ МЕДАЛІ БОЛҒАН.

I

Кезінде ағамыз ақын Әбділда Тәжібаевпен сыйластық, достық, қарым-қатынаста болған. Екі алыпты бірі еңбек ұйымдастырудың алыбы болса, екіншісі жырдың алыбы, жақындастырған қандай құдіретті күш екен. Ақын Әбділда Тәжібаев өзінің 1981 жылы «Жазушы» баспасынан шыққан бес томдығының бесінші томындағы «Жол дәптерінен» деген жазбасында былай деп жазыпты:

«Жасымда көрген еліме егде күнімде қайта араластым, балалығымда атам, анам болған ел егделігінде де мені қайта оқытты. Қанша адамдар көрдім, қаншалық тірлік таныдым, сөз үйрендім, күй аңғардым жаңадан, өнеге алдым, үлгі алдым, ақыл қостым өзіме. Солардың ішінде маған ұстаз болғандардың бірі – Шәменов Мөрәлі деген інім. Ол Жалағаш ауданы Сыр бойындағы «Коммунизм» колхозының төрағасы еді, мені депутаттыққа ұсынған да осы колхоз болатын. Бір жылдан соң бұл колхоз «Коммунизм» совхозының (орталығы Жалағаш ауданының орталығында еді) бөлімшесіне айналды. Ал совхоз директорлығына жаңағы Шәменов Мөрәлі белгіленді. Мөрәлі осы совхозды он жылдан аса басқарды. Ол 1974 жылы еңбек майданында қайтыс болды.

Адам өлді дейміз ғой. Бірақ оның жарамды істері, жақсылығы, ортаға сыйымды мінездері көпке дейін өлмейді екен. Ол туралы айтылған жақсы сөздер өткеннің әлі үшлеген жарығы бүгін бетіңе тәуіп тұрған буы сияқты ұзақ сақталады екен. Алып батырлық, жойқын ерліктер туралы аңыз-ертегілердің көп жасайтыны да сондықтан болуы керек.

Мөрәлі туралы да айтылатын жылы сөздер аз емес. Сондықтан шығар, маған Мөрәлі бүгін де тірі сияқты. «Мөрәлі түрегеп жүріп-ақ ұйықтайды. Мөрәлі жолда емделеді. Шаршамайтын, шалдықпайтын Мөрәлі. Ағасызға аға, жағасызға жаға Мөрәлі. Мөрәлі айтпайды, айтса қаптайды. Өз ақылын жетпесе Мөрәліден сұра. Мөрәлі көргенін ұмытпайды, естігенін ұмытпайды, үдесін ұмытпайды. Мөрәлі кесірленсе, трактор да қозғай алмайды. Иеміз де Мөрәлі, киеміз де Мөрәлі еді ғой. Бір жігіт өрге сүйресе, Мөрәлідей-ақ сүйірер. Дауылда да тынбайтын, жауында да тынбайтын Мөрәлі еді. Темірден қатты, жібектен жұмсақ еді. Түсініпш еді, ісініпш емес еді. Тастай берік, гүлдей нәзік еді Мөрәлі. Мөрәлі ұалшақ пен сұраншақты ұнатпайтын. Аянбай жанды, жанып болды да бітті ғой, жігіт» десеңді жұрт Мөрәлі туралы сөз болса.

Ол туралы айтылатын күлкілі, көңілді әңгімелер қаншалық! Екі алыптың достығының құпия сыры теңге жатқаны жоғарыда айтылған әңгімеден-ақ аңғарылып тұр емес пе? Ендігі айтармыз оның ғұмырнамасымен жалғастырайық...

Өмірбек Шәменов 1953 жылы 11 наурызда Қызылорда қаласында дүниеге келді. 1969 жылы №123 орта мектебін бітірген соң Қызылорда политехникумына оқуға түсіп, 1972 жылы «техник-гидротехник» мамандығы бойынша бітіріп шықты. 1985 жылы Қазақтың «Еңбек Қызыл Ту» орденді ауыл шаруашылық институтын «инженер-механик» мамандығы бойынша аяқтады.

Ол еңбек жолын 1971 жылы Жалағаш аудандық су жүйелері басқармасында техник болып бастады. 1972-1974 жылдары «Коммунизм» совхозында гидротехник болып жұмыс атқарды. 1974-1976 жылдары Қарулы күштер қатарында Отан алдындағы борышын өтеді.

Өмірбек Мөрәліұлы 1976-1981 жылдары ПМК-9 мекемесінде экономист, еңбек ақы төлеу жөнінде инженер, мастер, ұшастөк бастығы қызметтерінде болды. 1981-1983 жылдары ПМК-17 мекемесінде бас инженер, 1983-1985 жылдары аудандық құрылыс жөндеу мекемесі бастығы, 1985-1987 жылдары аудандық тұр тасымалдау автотранспорт көсіпорны директоры қызметтерін абыроймен атқарды.

1987-2007 жылдары Өмірбек Шәменов «Коммунизм» совхозының директоры, «М.Шәменов» атындағы өндірістік кооператив, жауапкершілігі шектеулі серіктестік төрағасы қызметінде болды. 2007 жылы қаңтар айынан 2010 жылы ақпан айына дейін Жалағаш ауданының әкімі қызметін атқарды.

Өмірбек Шәменов 2010-2017 жылдары Қызылорда облысының жолаушылар көлігі және автомобиль

жолдары басқармасының бастығы, Қызылорда облысы сәулет және қала құрылысы басқармасының бастығы және облыстық «Табиғат» мемлекеттік кәсіпорын директоры, «Тұран» қаржы-өнеркәсіп корпорациясының президенті қызметтерінде болды. 1999 және 2007 жылдары аралығында облыстық мәслихаттың екі мәрте депутаты болып сайланды.

Оның осынша жылдар атқарған табанды еңбегі еш кеткен жоқ, 2001 жылы «Құрмет» орденімен, 2005 жылы «Тыңға – 50 жыл», 2006 жылы «Қазақстан Республикасының Парламентіне – 10 жыл», 2011 жылы «Қазақстан Республикасының Тәуелсіздігіне – 20 жыл» 2014 жылы «Қазақстан мәслихаттарына – 20 жыл» мерекелік медальдарымен және 2018 жылы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрілігінің «Еңбек ардагері» медалімен, 2019 жылы «Қазақстан Республикасы мәслихаттарына – 25 жыл» мерекелік медальдарымен марапатталды.

Өмірбек Мөрәліұлы еңбек жолын совхоз өндірісінде қатардағы қарапайым гидротехник болудан бастады. Совхоздың негізгі өнеркәсібі егіншілік пен мал шаруашылығы болатын. Кезінде көпшілік күріш егу мен оны жинау науқанын мылтықсыз майдан дейтін. Оның басты кейіпкерлері күрішшілер мен механизаторлар болғаны баршаға аян.

Кейіпкеріміз сол майданның бел ортасында еңбек етіп, күрішші-механизаторлардың қатарында олармен бірге болып, үлкен еңбек мектебінен өткен. «Басшының баласымын» деп қиындықтан жалтармады. Жақсыларға жанасып жүрді, үйренді, өзі де «солардай болсам екен» деп алдына мақсат қойған. Көпшіліктен көргені, үйренгенін оның келешегіне, еңбек адамдарымен араласып жүруіне, олармен тіл табыса білуіне үлкен сабақ болғанын айтқанның артықшылығы жоқ шығар.

Жалпы, ол ақ күріштің атасы, дала академияі атанған Ыбырай Жақаевтың «Қасиетті, қадірлі туған жер! Сен ыстықсың бәрінен де! Сенің бойыңда өзекті жанды өзіңе тартып тұратын керемет күш бар. Бұл күшті ең алдымен егінші біледі. Ол сенің лүпілдеген жүрегіңнің тынымсыз соғысын ұғады. Оның бар өмірі саған ғана байланысты, сен болмасаң, екінші де болмас еді. Діқан – сен арқылы диқан. Егіншінің сені әулие тұтып, саған ғана табынатындығы да содан.

Туған жер тәсіңді еміп адам болдым, Сен ана, мен бір ерке балаң болдым. Әділділеп дән бесігін тербетпесем, Төсекте ұйықтай алмай алаң болдым деп жырлайды диқандар» деген аталы сөзін әркез еске алатын.

Ондағысы диқан ата сөзінен қуат алып, туған жерді түлету үшін еңбектің құдіретті күшімен ғана көл жеткізе алатынына бері сеніммен қарайтындығына еді. Солай болды да. Арада жылдар өткенде Өмірбек Мөрәліұлы әкесі басшылық жасаған совхозға өзі де директор болды. Бұл шаруашылықты ол жиырма жыл абыроймен басқарды.

II

Еліміз егемендік алған отыз жылдан астам уақыт ішінде, биыл он төртінші әкім жұмыс жасап жатыр. Аз ба, көп пе, оның бағасын уақыт бере жатар. Ал менің әңгіме еткелі отырғаным 2007-2010 жылдары аралығында ауданды абыроймен басқарған Өмірбек Шәменов еді. Кезінде ол жайлы жергілікті ақын Балғабай Имашев:

Депутат тура бидің нұсқасындай, Мәслихат кадрлардың ұстасындай Шыңдалып әкім болып келді Өмірбек, Тұрғанда қуат-жігер, күш басылмай. Халқымның қалаулысы майталмандар, Ойларын қаймықпай-ақ айта алғандар, Әр іске сын көзбенен баға берген. Депутаттар сабырлы байсал жандар – деп өлең жолдарын арнаған еді. Ал мен жетінші әкім жайлы айтарымды қазақтың қарапайым қара сөздерімен жалғастырмақпын.

Жалпы, қазақ халқы жеті санын киелі сан деп есептейді. «Жетіге келгенше жерден таяқ жейді. Ит – жеті қазынананың бірі. Жеті атасын білген ер, жеті жұрттың қамын жер. Наурыз көже жеті түрлі тағамнан жасалады. Жеті ғалам бар, жеті амал бар, жеті қат көк, жеті қазына» деген сөз тіркестері мен нақылдарымыз бұл ойымызға дәлел. Мұны да біліп қойғанның артықшылығы бола қоймас.



Өмірбек Мөрәліұлы – ерте есейген, біліктің баспалдақтарына еңбегімен көтерілген азамат. Өйткені ол қандай басшылық қызметте болса да аспады да таспады, ыза жерді баспады. Қарауындағыларды тыңдата да, сыйлата да, жұмыла еңбек етуді ұйымдастыра білді.

Оның жүріс-тұрысынаң, айтқан сөзінен, атқарған ісінен, мәселені айқай-шусыз, дау-дамайсыз шешетінінен, адамдармен қарым-қатынасынаң, сабырлы, салмақты, байсалдылығынан тектіліктің тобы білінгендей еді. Оның болмыс бітімінде азаматтық табиғатында, қоғамдық бейнесінде ата-анадан дарығандай айшықты қасиет көп. Пікір айтудан тартыну, ірікп қалу, қалыс қалып, қамсыз жүру – кейіпкеріміздің табиғатына жат мінездер. Барлық саладағы үлкенді-кішілі басшылық қызметте жүргенде өзін білікті маман, шебер ұйымдастырушы екенін көрсете білді.

Ол ауданды басқарған кезде елде бөрекелі тірілік болды. Сызат түспеген бірлік болды. Сөздің қадір-қасиетін жақсы білді. Артық сөйлеп, өшкімді кемітпеді. Кімге болса да әділ бағасын берді, әділдікті берік ұстады.

Атам қазақтың «Ауылдағының ауызы сасық, ауылда өскен атанның тайлақ аты қалмайды» деген сөздерінің ертеден айтылып келе жатқанын біреміз білеміз. Бұл кері-жарғап сөзді Өмірбек Мөрәліұлы ауданды басқарған кезде және білді. Атқарылған жұмыстың қорытындысы – көрсеткіштер. Оларды жылдар бойы атап көрсетіп, жазбаша баяндасақ деймін.

2007 жылы Жалағашта ауыл шаруашылығы саласында ілкімді істер қолға алынды. Дәл осы жылы ауданның егінші қауымы 30 558 гектар жерге түрлі дақылдарды орналастырып, олардан тиісінше мөлшерде өнім ала білді. Ауыл шаруашылығы саласына «Дихан» күріш компаниясы, «Алтын дән – ПВА», «Шалағат-ЛПТД», «Қызыл-ордаагросервис», «Мелиоратор» жауапкершілігі шектеулі серіктестіктері сияқты ірі құрылымдар арқылы соңғы үш жылда 2 млрд 777 млн теңге инвестиция тартылды. Республикалық бюджеттен бөлінген 136,4 млн теңге субсидия игерілді.

Сол жылдардағы мал шаруашылығы саласының дамуына келсек, 2008 жылдың 1 қаңтарында ауданда 24 481 бас мүйізді ірі қара, 7 383 бас жылқы, 382 бас түйе, 49 461 бас қой-ешкі, 467 бас шошқа және 39 894 үй құстары болды. 2007 жылы 3 379 тонна ет, 8 860 тонна сүт, 4 683 мың дана жұмыртқа өндірілді.

Жалағаш кентінің ауыз су жүйесін дамыту жобасының III кезеңін бастауға республикалық бюджеттен 28 млн 299 мың теңге бөлініп, есепті кезеңде аталған қаржы толығымен игерілді. М.Шәменов ауылындағы ауыз су жүйесін қайта жаңғырту жобасына облыстық бюджеттен 14 млн 340 мың теңге бөлініп, скважина бұрығаланып, ол іске қосылды. Облыстық трансферттер қаржылары есебінен Ақсу елді мекенінің ауыз су жүйесін күрделі жөндеуге 23 млн 462 мың теңге, Таң ауылына 9 млн теңге, Мәдениет ауылына 9 млн теңге қаралып, толығымен тиісті жұмыстар атқарылды.

Одан басқа Қаракеткен ауылдарындағы ауыз су жүйесінің су көтергіш мұнарасына 169 мың теңгеге ағымдағы жөндеу жүргізілді. Ағымдағы жөндеу жұмыстары Жалағаш кентінің ауыз су жүйесіне де 1 млн 623 мың теңгеге, Еңбек ауылының ауыз су жүйесіне 1,5 млн теңгеге жүргізілді.


Сол тұстағы білім саласының даму қарқынына келсек, 2008 жылы білім беру саласын қаржыландыру 2007 жылмен салыстырғанда 33 пайызға артып, 1 млрд 500 млн теңгені құрады. Мырзабай елді мекенінде жалпы құны 338 миллион теңге тұратын 250 орындық заман талабына сай жарақтандырылған

Шыңғыс АЙБОСЫНОВ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

Білгенге маржан

Пневмония – емдік жолы бар ауру түрі. Бірақ ол асқынып кетсе, науқас өмірімен қоштасуы да мүмкін. Оны емдеу дәрігердің қатаң бақылауымен ұзақ уақыт жүреді. Ақхалаттылар ұсынған ем-домды мұқият жасасаңыз аурудан түбегейлі айығып кететініңізге күмәніңіз болмасын.

ӨКПЕНІ ШАЙМЕН ДЕ ЕМДЕУГЕ БОЛАДЫ



Медицина мамандары аурудың асқынуына өкпе ауруының асқынуы, созылмалы жөтел, тұмау, вирустық инфекция, иммунитеттің төмендеуі себеп болуы мүмкін дейді. Ал емханаға баруға мүмкіндігіңіз болмаса, төмендегі әдістерді байқап көрсеніз болады. Халық емі бірнеше әдіс арқылы өкпе қабынуын өршітпеуге болатынын айтады. Яғни дәрігерге барғанға дейін бірнеше шай түрін дайындап ішсеңіз, ауруыңыз аздап басылады.

Пневмония кезінде жөтел мазалайды, ал ол ұзаққа созыла берсе, тамақ ауруына жалғасады. Осы жайсыздықтың алдын алу үшін жалғыз бен бойданадан шай демдеп ішіңіз. Бұл шөптер жөтелді жұмсартып, тамақтың ауырғанын басады екен.

Сонымен бірге пневмония кезіндегі өңтігуді басу үшін 1 шыны қара немесе көк шай ішіңіз. Шайдың құрамындағы кофеин тыныс жолдарын ашып, тыныс алуыңызды жақсартады. Ал көкіректің айналасындағы ауруды басу үшін зімбір немесе куркума қосылған шай ішіңіз. Бұл шөптер суыққа қарсы күш беріп, бойыңызды дендеген дерттен айықтырады. Дене қызуын түсіру үшін де халық емі әдеттегідей суықтықты көбірек ішуге кеңес береді.

Нұрайым МЫРКІЕВА,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің 2 курс студенті

Қазақстан Республикасы Президентінің «Әкімдердің халықпен кездесулерін өткізу туралы» 2022 жылғы 3 наурыздағы №826 Жарлығына сәйкес, 2023 жылдың II тоқсанында Жалағаш ауданының және кент, ауылдық округ әкімдерінің халықпен кездесулерінің КЕСТЕСІ			
№	Кент, ауылдық округ атауы	Өткізілетін күні, уақыты	Өткізілетін орны
1	Жаңадария ауылдық округі	20.06.2023 сағ:09.00	№203 орта мектеп
2	Аламесек ауылдық округі	20.06.2023 сағ:10.00	Ауылдық мәдениет үйі
3	Еңбек ауылдық округі	20.06.2023 сағ:11.00	Ауылдық мәдениет үйі
4	Аққұм ауылдық округі	20.06.2023 сағ:12.00	Ауылдық клуб
5	Қаракеткен ауылдық округі	20.06.2023 сағ:15.00	Ауылдық клуб
6	М.Шәменов ауылдық округі	20.06.2023 сағ:16.00	Ауылдық мәдениет үйі
7	Бұқарбай батыр ауылдық округі	20.06.2023 сағ:17.00	Ауылдық мәдениет үйі
8	Ақжыр ауылдық округі	21.06.2023 сағ:09.00	№188 орта мектеп
9	Жаңаталап ауылдық округі	21.06.2023 сағ:10.00	№119 орта мектеп
10	Мақпалкөл ауылдық округі	21.06.2023 сағ:10.30	№117 орта мектеп
11	Мәдениет ауылдық округі	21.06.2023 сағ:11.30	Ауылдық клуб
12	Мырзабай ахун ауылдық округі	21.06.2023 сағ:12.30	№122 орта мектеп
13	Таң ауылдық округі	21.06.2023 сағ:15.00	Ауылдық мәдениет үйі
14	Ақсу ауылдық округі	21.06.2023 сағ:16.30	№116 орта мектеп
15	Жалағаш кенті	22.06.2023 сағ:10.00	Рәміздер аллеясы

Хабарландыру

«Ауыл» Кредиттік серіктестігі» ЖШС құрылтайшыларының кезектен тыс жалпы жиналысын 2023 жылы 19 маусымда сағат 10:00-де мына мекен-жайда өткізу туралы хабарлайды: Қызылорда облысы Жалағаш ауданы Жалағаш кенті Т.Қыстаубаев көшесі №4 үй («Ауыл» КС ЖШС ғимаратында).

Күн тәртібінде:

- «Ауыл» Кредиттік серіктестігі» ЖШС құрылтайшыларының арыздарына сәйкес ішінара жарғылық капиталын ұлғайту туралы.
- Серіктестікке қызметтік мақсатта уақытша жалға а-токөпіл жалдау туралы.
- «Ауыл» Кредиттік серіктестігі» ЖШС-ның құрылтайшыларының жарғылық салымы ұлғаюына байланысты несие лимитін бөлу және жарғылық салымы ұлғаюына сәйкес қаржының 25% пайызын несие желісі бойынша кепілге қою, соттан тыс сатуға келісім беру туралы.

Сонымен қатар құрылтайшыларға күн тәртібінде қосатын ұсыныс-пікірлеріңіз бар болса, 10 күн ішінде жиналыс ашылғанға дейін серіктестікке ұсынуларыңызды, Құрылтайшылардың жалпы жиналысты өткізу тәртібі ҚР заңдарына сәйкес айқындалатынын, Құрылтайшылардың жалпы жиналысын өткізу Қазақстан Республикасының «Жауапкершілігі шектеулі» және қосымша жауапкершілігі бар серіктестіктер туралы», «Микроқаржылық қызмет туралы» «Кредиттік серіктестіктер туралы» Заңына, серіктестік Жарғысын басшылыққа алып өткізілетінін хабарлаймыз, жиналысқа міндетті түрде қатысуларыңызды сұраймыз.

БСН: 010640000062

Брифинг

Қазақтың көшпелі тұрмысындағы тәжірибелі іс – мал қорасын қыстаудан жайлауға көшкенде немесе жайлаудан қыстауға көшкенде көңін аударып кету. «Бұл не үшін?» деген сұрақ туындауы мүмкін. Әрине ата-бабамыз тегіннен-тегін бұлай істеген жоқ. Әрбір істің астарында терең мән, тіпті философия жатыр деуге болады. Бұрынғының адамдары жазық далада күн көшкендіктен түрлі жәндіктерден қорғанудың әдістерін жетік білді және оны тәжірибеде қолданды. Міне, біздің әңгіме басында айтқанымыз кенеден сақтанудың бір әдісі болатын.

Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ



Кенеден келер кесел көп

Жуырда өткен брифингте Жалағаш аудандық СЭББ басшысының міндетін атқарушы Г.Айымбетова кене шағудан сақтану, алдын алу және алғашқы көмек көрсету, кенеден жұғатын конго-қырым геморрагиялық қызбасының негізгі белгісі турасында көңінен сөз етті.

Жалпы, конго-қырым геморрагиялық қызбасы – жедел вирусты ауру, табиғи ошақты зоонозға да қатысты. Екі толқынды қызбаны мінездейді, жалпы интоксикациямен және тромбогеморрагиялық синдроммен жүреді.

Маманның айтуынша, Қырымда алғаш рет конго-қырым геморрагиялық қызбасын алғаш рет ресейлік вирусолог М.П.Чумаков 1944-1945 жылдары анықтаған. Кейін бұл ауру Конгода, Нигерияда, Сенегалда, Кенияда сипатталған. Қазақстанда бұл геморрагиялық қызба «көкала» деген атпен 1948 жылдан бері белгілі. Конго-қырым геморрагиялық қызбасының табиғи ошақтары Жамбыл, Түркістан, Қызылорда облыстары және Шымкент қаласында.

Биыл Жалағаш ауданындағы 12 елді мекен осы ауру бойынша қолайсыз деп анықталған. Конго-қырым геморрагиялық ауруы бойынша эндемиялық аймақта жоқ дегенде бір науқас немесе вирус тасымалдаушы кене тіркелген ошақ деуге бүкіл елді мекен эндемиялық ошақ болып табылады.

– Қарапайым кенеден жұғатын конго-қырым геморрагиялық қызбасының негізгі белгісі науқастың басы қатты ауырып, дел-сал күйге түсіп, тамаққа төбеті болмайды және дене қызуы көтеріледі. Терісін бөртпелер шығып, инъекция салған, шымыштыған жерлерде терісі көгеріп, ауру белгілері пайда болады. Ағзаның қанды ұйыту қабілеті бірте-бірте жоғалып, адам қансырау салдарынан қаза болуы мүмкін. Бұл дерттің қауіптілігі осы аурумен сырқаттанған адамның қаны сау адамның денесіне тисе, дерттің жұғуына себепші болады. Кене шағу қауіптілігі кейбір кенелердің ағзасында ауруды тарататын вирустардың сақталуында жатыр. Кенелер адамға мал жайғау, малды сауу, сыртта бақша егу, отын-шөп дайындау,

табиғатта дем алу, тағы сол сияқты жағдайларда жабысады. Өйткені қарап отырсақ, кенелердің шығу мерзімі де осы күз, жаз айларында. Дәл осы мезгілдерде адамдар кененің шағуынан зардап шегіп жатады. Табиғат аясына, саяжайға демалған сәттерде дененің киімінен ашық жерлерін мейлінше азайту керек.

Адам денесіне жабысып, қан сорып жатқан кенені тұмсық астынан жіңішке жіппен байлап, асықпай, жұлқымай, кене мұртшаларын толық шығарғанша ақырын тарту керек. Егер кененің басы толық шықпай, теріде қара дақ түрінде қалып қойса, өздігінен шығуын бақылау немесе емхана хирург дәрігеріне қаралу керек. Кенені жұлған соң қолды мұқият жуып, йод немесе спиртпен сүрту керек. Өйткені кейбір жағдайларда кенелер қан сору кезінде теріге патогенді вирустар жұқтырылған зәрін қалдыруы мүмкін.

Табылған кенені жағып немесе қайнаған суға салып құртқан жөн. Кенені жұлу да қауіпті, өйткені жұлу кезінде де кене басы теріде қалып кетеді, ұлы сөлі адам ағзасына тарала береді. Кене шаққанда ағзаның қанды ұйыту қабілеті бірте-бірте жоғалып, адам қансырау салдарынан қаза болуы мүмкін. Бұл дерттің қауіптілігі сол, осы аурумен сырқаттанған адамның қаны сау адамның денесіне тисе, дерттің жұғуына себепші болады, – деген Г.Айымбетова ауру көбінесе маусымдық мезгілдерге байланысты, әсіресе мамыр және тамыз айларында көп кездесетінін жасырмады.

Брифингте айтылған мәліметтерге сүйенсек, ауданда конго-қырым геморрагиялық қызбасының эпидемиялық және эпизотиялық ахуалы жылдан-жылға күрделенуде. 2014-2022 жылдары аралығында КҚГҚ-сы нақтыланған жағдайы ауданын 8 елді мекенінен кездескен. Барлығы 11 жағдай тіркеліп, оның 4 жағдайы өліммен аяқталған. Ауданда тұрғындар арасында өткен жылы КҚГҚ-ға күдікті 10 науқас тіркеліп, оның 4 жағдайы зертханалық жолмен нақтыланған. Осы науқастардың арасында медициналық көмекке дер кезінде жүгінбеу салдарынан 2 науқас

қайтыс болып, өткен жылдың осы кезеңімен салыстырғанда басқа да жәндіктер мен кенелердің шағуымен 19 адам медициналық көмекке жүгінген. Ал биыл жыл басынан бері 31 кене шағу жағдайы есепке алынған. Өткен жылдың осы уақытымен салыстырғанда 1,1 есеге, оның ішінде Жалағаш көңті мен Ақсу, Есет батыр, Еңбек елді мекендерінде есу тенденциясы бар.

– Жыл басынан бері ҚР СЭБ «ҰСО» ШЖҚ РМК облыс бойынша филиалы аудандық бөлімшесінің бактериологиялық зертханасына КҚГҚ вирусыын жұқтырушылыққа зерттеуге ауыл шаруашылығы жануарларынан 419, табиғаттан 887, елді мекендегі суат, шаңлақ, пададан 606 кене, барлығы 1 912 кене жиналып жіберілді, оның ішінде 65 кенеден оң нәтиже анықталды. Көбінесе ауру адамдардың 80 пайызының жастары 20-60 жас аралығында және бұл аурудың аса қауіптілігі өлім-жітім көрсеткішінің өте жоғары болуында, – дейді спикер.

Маманныңайтуынша, инфекциямен зақымдалған жерде ешқандай өзгерістер байқалмайды. Вирус қанға өтеді және ретикулэндотелиальды жүйенің клеткаларында жинақталады. Екінші зақымдалу кезінде айқын массивті вирустармен жалпылама интоксикация белгілері байқалады, қан тамырлардың эндотелилері зақымдалады және айқын өртүрлі дәрежедегі тромбогеморрагиялық синдром байқалады. Конго-қырым геморрагиялық қызбасының белгілері инкубационды кезеңнің ұзақтығы 1-14 күн аралығында болады. Прогноз-малды көріністер болмайды. Ауру байқаусызда басталуы мүмкін, ауру деп оның басталған алғашқы сағаттарынан басталғанын айтуға болады. Дене температурасы тез көтеріледі, бас ауруы, тамаққа төбетін болмауы, буын мен белдің сырқырауы. Келесі күні локусы, құсуы, іш өтуі, ине салған жерлерінің көгеруі, беті ісіп, қызаруы мүмкін. Бастапқы кезеңдерінің өзінде де жалпылама интоксикация белгілерін көруге болады, көптеген инфекциялық ауруларда болуы мүмкін.

Ауру одан әрі дамыған жағдайда науқастың мұрынына, қызыл иегінің ішектен қан кете бастайды, тері бөртпелері және тері астына қан құйылуы арқылы көкала дақтар пайда болады. Бұл кезде өте жоғары қызбамен және қатты әлсіздікпен көрінеді, бүкіл дененің қақсап ауруы, бастың қатты ауруы, бұлшық еттердің және буындардың ауруы байқалады. Аурудың бірінші белгілері пайда болған жағдайда өлім-жітімді болдырмау үшін емдеуді мүмкіндігінше тез бастау керек. Қазіргі уақытта конго-қырым геморрагиялық қызбасы ауруын емдеу әдістері тиімді нәтиже беруде.

– Кене шақса, міндетті түрде тұрғылықты жер бойынша емдеу мекемесіне медициналық көмекке жүгінген жөн. Медицина қызметкерлері 14 күнге медициналық бақылау жүргізеді. Кене шаққанда өзінің сіле-кейімен арнайы фермент бөледі, сол себепті көпшілік жағдайда кененің шаққаны білінбейді. Көктем мен күз айларында аудандағы КҚГҚ қолайсыз болып табылатын 12 елді мекенге мал қоралары мен малдарына және санитарлық қорғаныш аймақтарына залалсыздандыру жұмыстарын жүргізеді. Сондықтан аудан тұрғындары, өз аулалары мен мал қораларын күл-қоқыс пен көң-қилардан тазартқаны жөн, – дейді аудандық СЭББ басшысының міндетін атқарушы.

Жасыратыны жоқ, тұрғындардың басым көпшілігі өз денсаулығына немқұрайлы қарайды. Денсаулықты ауырған кезде емес, ауырмас бұрын, үнемі күту қажет. Адамға берілген күш-қуат пен әр ағза қалыпты тепе-теңдікте күтіммен жұмыс істеген жағдайда ағза да сізге ұзақ қызмет ететін болады. Қазақ «Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол ізде» деп бекер айтпайды. Басты байлық денсаулық екенін де естен шығармайық. Басқарма басшысының айтары да осы, денсаулық болмаса, ештеңе де болмайды.

Маман мерейі

Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы

Дана халқымыз «Ұстазы жақсының ұстанымы жақсы» деп текке айтпаса керек. Осынау жауапкершілігі мол мамандықтың қыр-сырын жетік меңгерген, ыстығы мен суығына тезе білген, үнемі оқу процесінде білім беріп қана қоймай, тәрбиелік бағытты ұштастыра алатын, сабақтағы әдіс-тәсілдері мен шығармашылықпен айналысатын ұстаз ғана үлкен жетістікке жетері сөзсіз. Осындай ұстаздардың бірі – Мырзабай ахун ауылындағы №122 орта мектептің химия пәнініңмұғалімі Фариза Құндызбаева.



Фариза – жоғары кәсіби, шығармашылық қасиетке ие үздік ұстаз. Өзін-өзі үнемі дамытып, оқу ордасында өз тәжірибесін арттыра отырып, мақсат-міндеттерін тиімді айқындауға ұмтылған қазіргі заманғы білікті маман. Сонымен қатар Фариза Бегімсалқызы – әрқашан шығармашылық және кәсіби ізденумен жүретін сауатты әрі жауапты ұстаз. Өртүрлі біліктілікті арттыру курстары мен семинарларға қатысып, жүйелі түрде кәсіби білгі мен білімін арттырып отырады.

Фаризаның еңбек жолында жеткен жетістіктері көп. Мәселен, 2022 жылы Химия пәнінен «ЦПМ» сертификаты, ЖҒБ пәндері сабақтарында функционалды сауаттылықты дамыту сертификаты, облыстық кәсіподақ комитетінің «Құрмет» грамотасы, «Жарқын» республикалық ғылыми-ақпараттық, танымдық-тәрбиелік журналының ұйымдастыруымен үздік ізденімпаз ұстаздар арасында «Мәңгілік Ел ұстазы» байқауының I орын игері болды. Халықаралық «Өрлеу-өркендеу» ғылыми-ақпараттық, танымдық-тәрбиелік журналының ұйымдастыруымен өткен «Жаңашыл ұстаз» байқауында I орынды иеленген. Мұнан бөлек облыстық білім басқармасы басшысының «Құрмет» грамотасымен марапатталып, аудандық білім бөлімі басшысының сертификатын иеленген.

«Оқушының жетістігі – мұғалімнің жетістігі, ал мұғалімнің жетістігі жаңа әдіс-тәсілдерді тиімді пайдалануында» демекші, үйренген әдіс-тәсілдерін еңбек жолында 15 жылдан бері пайдаланып келе жатқан Фаризаның шәкірттерінің жеткен жетістігі көп. Атап айтқанда, жалпы білім беретін пәндер бойынша «Жасыл экология» аудандық ғылыми жобалар сайысында химия пәні бойынша III орынды 10 сынып оқушысы Ернұр Біләл иеленген. Мұнан бөлек Ернұр «Дарын» қосымша білім беру орталығы «Scince factory» ғылыми зерттеу орталығының ұйымдастыруымен 8-10 сынып оқушылары арасында өткен облыстық ғылыми жобалар байқауынан алғыс хат иеленген.

2022-2023 оқу жылында жалпы білім беретін пәндер бойынша «Дарын» республикалық ғылыми жобалар конкурсының аудандық кезеңінде химия секциясы бойынша Гүлшара Серікбаева II орынды иеленген. 2022 жылғы оқу маусымында жалпы білім беретін пәндер бойынша «Зерде» республикалық ғылыми жобалар конкурсының аудандық кезеңінде химия секциясы бойынша Мәруерт Аманқали I орынды иеленді. «Табиғатты аяла» жас өлкетанушылар, экологтар мен табиғат зерттеушілерінің республикалық форумының аудандық кезеңінде «Zhasyl el» номинациясы бойынша ғылыми жобалар конкурсында химия секциясы бойынша Жарқинай Мұратқызы I орынды иеленіп, дәл осы форумның облыстық кезеңінде II орынға лайық деп танылды.

Білім нәрімен сусындатып, тәлім-тәрбие беруден талмаған ұстаздың жылдар бойғыеңбегініңжемісіаяулы әрі білімді шәкірттерінде. Фариза Бегімсалқызының шәкірттерімен бірлесе отырып атқаратын жүйелі жұмыстары келешекте де жемісін берері сөзсіз.

Ақтоты БҰРКІТБАЙ



Сен де кеттің өмірден

Иә, бұл өмірге бәріміз қонақпыз, әркімнің маңдайына жазған өлшеулі ғұмыры бар. Соны мәнді де мағыналы ету әркімнің өз қолында. Біреу аз ғана өмірінде артына ешпес із қалдырады, енді бірі ұзақ жасағанымен өмірінің қалай өтіп кеткенін білмей қалады. Аз ғана ғұмырында өнегелі тәрбиесімен елдің алғысын алғандардың бірі де бірегейі сыныптасымыз Гүлжан Алпазова болатын.

Біз Гүлжанмен №31 орта мектептің табалдырығын бірге аттап, бірге бітірдік. Озат оқушылардың сапынан орын алған сыныптасымыз өмірден ерте озды. Бірақ онымен өткен әрбір күніміз, әрбір сәтіміз әлі күнге дейін көз алдымызда.

Бұл оның өмірде қандай жақсы адам екенін аңғартса керек. Жанымызға бататыны «жақсы адам еді» деп ол жайлы сөз бастайтынымызда. Кімге болса да өткен шақпен жақынын еске алу ауыр қасірет қой. Бірақ бұл да сынақ. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, иманың жолдас болсын, аяулы сыныптас, сен біздің жадымызда мәңгі сақталасың.



Еске алушылар 1989 жылғы түлектер

Біз өзінді ұмытпаймыз мәңгілік

Біз кент орталығындағы №31 орта мектептің табалдырығын 1979 жылы бірге аттадық. Алтын ұяда бірге оқып, бірге өстік. Өкінішке орай қазір сыныптастарымыздың ішінде достыққа адалдығымен дараланған Берік Жүсіпбаев ортамызда жоқ. Сыныптасымыздың бақилық болғанына да бірнеше жыл болыпты. Бірақ ол біздің жадымызда мәңгі сақталды.

Иә, Берік көпшіл еді, көз келген ортаға сыйысып, сыйласып кететін, оған бойындағы жақсы қасиеттер сөп болса керек. Амал қанша, бүгінде сол досымыз жайында мұңайып естеліктер айтамыз, онымен өткен әрбір сәтімізге көз жүгіртіп, өткен шақты сағынамыз. Бірақ тағдыр өзінікін жасамай тұрмайды, сондықтан оған сабыр қыламыз. Тек Берік досымызда еске алып, рухына құран бағыштаймыз. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, иманың жолдас болсын, асыл дос.

Келу бар да кетуін де заңдылық. Жадымызда атын тұрар жаңғырып. Адал достың нақ үлгісі сен едің, Біз өзінді ұмытпаймыз мәңгілік.



Еске алушылар 1989 жылғы түлектер

Арамызда сен де жоқсың бүгінде

Талғатпен бірге №31 орта мектеп табалдырығын аттаған сәтіміз, оқушы кезіміздегі қызыққа толы сәттер, бәрі-бәрі әлі күнге дейін көз алдымызда. Өкінішке орай өткен күндер жайында естеліктер болғанымен, ортамызда Талғат досымыздың өзі жоқ.

Иә, ол өмірден тым жас кетті. Небары жиырма жасында бақилық болып, артында ағайын-туысы, сыныптас достары қайғырып қалды. Бірақ бұл да сынақ, сондықтан оған сабыр қыламыз.

Талғат Әбілқасымов жайында естеліктер айтар болсақ, сөзіміздің басы да, аяғы да жақсылықпен басталып, сонымен шектелетін. Себебі аз ғана ғұмырында ол өзінің туралығын, адағдығын, бірсөзділігін дәлелдеген азамат еді.

Кімге болса да бірге ойнап, бірге күлген жолдасынан айырылу ауыр қайғы. Оны басынан өткен азаматтар түсінеді. Талғаттың да қазасы бізге оңай тиген жоқ. Бүгін де ол жайлы өткен шақпен сөз бастау оңай болмай отыр. Бірақ амал қанша, қолымыздан келетіні де осы, өзінді сағынышпен еске алып, рухына құран бағыштаймыз. Иманың жолдас, жатқан жерің жайлы болсын, аяулы дос.

Құштар достың біреуі едің білімге, Бұл өмірге бері қонақ түбінде. Жақсылыққа жаны құштар жан едің, Арамызда сен де жоқсың бүгінде.



Еске алушылар 1989 жылғы түлектер

Жылдар өтті өзіңсіз

Қамшының сабындай қысқа өмірде ешкім де, ештеңе де мәңгілік емес, тағдырдың басқа салған сынағына көнбеске пенде шіркінде не амал бар дейсің?. Аудан орталығындағы №31 орта мектебінде бірге оқыған сыныптас досымыз Камал Каримовтың ортамызда күліп-ойнап жүргені кеше ғана сияқты еді. Бүгінде адал досымыз жайында өткен шақпен естелік айтып отырмыз. Жаңға бататыны да осы, мектепте алғырлығымен, өмірде достыққа адалдығымен дара сыныптасымыз қазір арамызда жоқ.

Бұл да басқа түскен сынақ қой, бала кезімізде бірге ойнап, бірге күлген жолдасымызбен өткен әрбір уақыт, әрбір сәт күні бүгінге дейін көз алдымызда. Қайран уақыт десеңші, Камал достыққа адалдығымен, сабақта үлгерімімен дара тұратын. Қазір қай ортада да өзінің жақсы қасиеттерімен көпке үлгі болған жолдасымыз арамызда жоқ болса да, онымен өткен әрбір күн, әрбір сәт сыныптастарының жадында мәңгі сақталады. Біздің қолымыздан келетіні де осы, өзінді сағынышпен еске алып, рухыңа құран бағыштау. Жатқан жерің жайлы, топырағың торқа, иманың жолдас болсын, ардақты дос.

Бағындыру мақсаты еді шың басың, Сен жайында сыныптастар жырласың. Жұмақ болып мәңгі мекен өзіңе, Жатқан жерің жайлы болсын, құрдасым.



Еске алушылар 1989 жылғы түлектер

Бәрекеелді!



Белбеу күресінен чемпион атанды

Белбеу күресі кең байтақ далада еркін өскен ержүрек қазақтың бүкіл болмысымен біте қайнасқан спорт түрі, тіпті өнері деуге де болады. Ұлттық спортымыздың төресі, қазақтардың ең көне спорт түрлерінің бірі. Иә, қазіргі таңда бұл жекпе-жек өнеріне сұраныс жоғары деп айта алмайсың. Дегенмен белбеу күресі, яғни қазақ күресі 1938 жылдан бері республикалық жарыстар бағдарламасына енгізілген. 2016 жылы ЮНЕСКО толеранттылық, ізгі ниет және ынтымақтастық принциптеріне негізделген қауымдар арасындағы қатынастарды нығайтуға әсерін атап өте отырып, қазақша күресті адамзаттың материалдық емес, мәдени мұрасының репрезентативтік тізіміне енгізді. Белбеу күресі бойынша бірінші ірі жарыс 1938 жылы ауыл шаруашылығы аймақтары арасындағы спартакиада аясында өткен. Сол сәттен бастап жарыс дәстүрлі түрде тұрақты өткізіліп келеді.

Иә, ұлттық спорттың дамуы еліміз өгемәндік алғаннан кейін серпін алды. 1991 жылдан бастап республикалық чемпионаттар мен біріншіліктер жыл сайын жоғары деңгейде өтетін болды. Ауданда да соңғы жылдары қазақша күреске, оның ішінде белбеу күресіне ерекше мән беріле бастады. Ұлттық спортпен шұғылданатын аудан жастарының да қатары едәуір артқан. Тіпті аудан жастары қазақ күресінен түрлі жарыстарда бой көрсетіп, жүлделі орындарды қанжығалап та жүр.

Өткен аптада редакцияға екі жасөспірім жігіт келіпті. Спорттық киім киген, қолдарында медалі мен дипломы бар. Сөйтсек, белбеу күресінен ел біріншілігінде атой салып, аудан абыройын асқақтатқан палуан жігіттер болып шықты. Жеңістерін сүйіншілеп жүрсе керек. Өзіне біз де қуана қарсы алып, жас спортшыларды жеңістерімен құттықтап, дереу өңімге тарта жөнелдік.

Белбеу күресінен ел біріншілігі Жаңақорған ауданында өтіпті. Тартысты додаға еліміздің барлық аймағынан іріктелген мықты палуандар қатысқан.

Біздің Жалағаштан облыстық жарыстан жүлделі орындарды иеленіп, ел біріншілігіне жолдама алған Азамат Әлихан мен Қайрат Ақберген бақ сынаған. Додада топты жарып, 68 келі салмақта өнер көрсеткен жерлесіміз Қайрат намысты қолдан бермей қанжығасына бас жүлдені байлаған. Ал бозкілемде атой салған Азамат ініміз өзінің шеберлігімен көзге түсіп, жүлделі 3 орынды иеленген. Осылайша жас спортшылар жауырындары жерге тимей, аудан абыройын ел алдында бір асқақтатты.

— Ел біріншілігінде жеңіске жетсем деген ой ғана болды. Спортшы үшін басқа қандай мақсат болуы мүмкін? Иә, ақтық кездесу мен ойлағандай оңай болған жоқ, қиын соқты. Қарсыласым жақсы дайындықпен келген. Өзімнің жалпы жарыстардағы өнеріме көңілім толады. Дегенмен ең бастысы, чемпион атандым. Ендігі бар күшімді өлем чемпионатына саламын, — дейді Қайрат Ақберген.

Балуан Қайрат алдағы уақытта өтетін қазақша күрестен өлем біріншілігіне дайындық үстінде, жаттығу

барысын да әдеттегіден күшейткен. Сондай-ақ Қайрат Қызылорда Ашық университетінде дене шынықтыру пәні мұғалімі мамандығы бойынша жоғары білім алуда. Иә, білім мен спортты қатар алып жүрген ініміздің талабына біз де іштей риза болып, сәттілік тіледік.

— Мен үшін Қазақстан чемпионаты сәтті өтті. Бұл жарысты асыға күттік. Жарыс өте қызықты әрі бәсекеге толы болды. Барлық спортшының мықты дайындықпен келгені көрініп тұрды. Десе де жеңіс менің өңімде қалды, жүлделі орынға ілігіп, қола медальға ие болдым. Осы жарыста жақсы өнер көрсетуіме себеп болған жаттықтырушыларым Калменов Әмірбек, Талапбекұлы Олжас және белбеу күресінен жаттықтырушы Есенов Жайдар ағайларымның еңбегі зор, үмітін ақтағанымға қуаныштымын. Алдағы уақытта бұдан да биік белестерді бағындыруға талпынамын, — дейді балуан Азамат Әлихан.

Азамат — бүгінде Алматы спорт колледжінің 2 курс студенті. Ол болашақта оқуын бітіріп, туған жерде Қажымұқан атамның жолымен

жүретін жас балуандарды тәрбиелеуге ниетті, алдына қойған мақсаты да айқын.

«Жігітке жеті өнерде аз» демекші, жас балуандар тек белбеу күресінен ғана емес, дзюдодан да біраз жетістікке жетіпті. Мәселен, Қайрат дзюдодан 2020 жылы жасөспірімдер арасында өткен республикалық жарыста жүлделі 3 орынды жеңіп алған. Азамат өткен жылы да Қызылорда қаласында белбеу күресінен өткен республикалық жарыста жүлделі орынға ілігіпті. Иә, тізіп жазса берсең, жас спортшылардың жетістігі көп.

Балуандардан қазақша күрестің ережелерін де сұрай жөнелдік. Қазақша күрес тағанда жүргізіледі, аяққа өтуге тиым салынады. Күртеше мен белбеуден қармауға болады. Белбеу күресінде қолды қағып жіберуге, жамбас тәсілдері арқылы аяқтан шалуға рұқсат етілген. Бірақ тіземен кілемге отыруға болмайды, бұған қатысты ескерту қарастырылған.

Жалпы, қазақша күрес техникасы грузин, татар, өзбек күресімен ұқсас. Сондай-ақ бұл күрес тәсілдері самбо техникасына енгізілген. Көбіне қазақша күрес балуандары самбодан, дзюдодан түрлі жарыстарға қатыса береді.

Иә, осындай спортқа ынтық жігіттер барда ұлттық спортымыздың көсегесі көгеретініне тағы бір мәрте көз жеткіздік. Басқа да жалағаштық спортшыларға осындай жеңісті күндер жұғысты болса екен деп тіледік. Өйткені бізде жеңісті жатқа бермейтін мықты спортшылар жетерлік.

Жандос ЖАЗКЕН

Спорт

Жабық бассейндегі жарыс

ӨТКЕН АПТАДА САЯСИ ҚҰҒЫН-СҮРГІН ЖӘНЕ АШАРШЫЛЫҚ ҚҰРБАНДАРЫН ЕСКЕ АЛУ КҮНІНЕ ОРАЙ Б.ҚҰЛТЕКЕНОВ АТЫНДАҒЫ ЖАБЫҚ БАССЕЙНДЕ СУҒА ЖҰЗУДЕН ЖАРЫС ӨТТІ. ЖАРЫСҚА 18-35 ЖӘНЕ 35-ТЕН ЖОҒАРЫ ЖАСТАҒЫ МЕКЕМЕ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІ ҚАТЫСЫП, ӨЗАРА МЫҚТЫНЫ АНЫҚТАДЫ.



Иә, суда жүзуден кәсіби айналыспаса да ес білгелі дарияның суын көшіп, суда балықша жүзген ауыл жігіттерінің бәрі дерлік шапшаң қозғалады екен. Жарыс өте тартысты өтті. Жарысқа қатысушылар 50 метрге еркін әдіспен жүзуден бақ сынасты. Дода нәтижесінде 18-35 жас аралығында 50 метрге еркін жүзуден I орынды аудандық құқық қорғау мекемесінің қызметкері Нұржан Әбдіғаппар еншіледі. Ал жүлделі II және III орындарды №123 мектеп-лицейінің мұғалімдері Нұркен Балхан мен Қашақбай Азамат өзара бөлісті.

35 жастан жоғары санаттағы сайыс та өте тартысты болды. I орынды Бақыт Шаекеев иеленсе, II және III орындарды Мұхамед Әбдікерімов пен Арман Абуов өзара бөлісті.

— Ауылда ескесін болар, кішкентаймынан суда жүзуді жанымға серік еткенмін. Бұрын каналдарды жағалап, дария суына жүзетін болсақ, қазір шүкір, ауданда жабық бассейн ашылып, аптасына 2 рет осында келіп, денемізді шынықтырамыз. Иә, суда жүзу адам денсаулығына пайдалы, мәселен, жүрек, жүйке жүйесін жақсартады, шынықтырады, өкпе жұмысын реттейді. Жарысқа келетін болсақ, өте тартысты өтті. Суға жүзумен жиі айналысатын болғандықтан шығар, бүгін жеңімпаз атандым. Ұйымдастырушыларға алғыс айтамыз, жиі ұйымдастырылса, қатысудан қашпаймыз, — дейді Нұржан Әбдіғаппар.

Жарыс соңында жеңімпаздар арнайы медаль және дипломдармен марапатталды. Ұйымдастырушылардың айтуынша, бұл иі дәстүр жалғасын тауып, шара ауқымы кеңейе түспек.

Десе де суға жүзуден жарысқа қатысатын деушілердің қатары аз көрінеді. Иә, қазақ жастарының су спортына аз баруының себептері де жоқ емес. Біріншіден, қазақ жастарының көбісі ауылда тұрады. Ауылда бассейн жоқтың қасы. Ал Жалағашқа бассейннің салынғанына көп уақыт та болмады. Көбісі суға жүзуді түсіне бермейді. Екіншіден, қазір жасөспірімдердің көбісі үйлерінде отырып, әлеуметтік желідегі ақпараттарды оқуға құмартып алды. Осылайша жастар алтын уақыттарын интернетте өткізуде.

— Жалпы, біз су спортынан бейхабармыз. Әрі білген күннің өзінде жүзуге менсінбей қараймыз. Баламыз шымыр болсын деп күрес, боксқа жиі алып барамыз. Ал жүзу спорты жекпе-жек сынды спорт түрлерінен кем түспейді. Өйткені бұл спорт адамды шымыр етіп қана қоймай, шыдамдылыққа, әдептілікке баулиды. Тіпті ең мықты, талантты деген боксшы олимпиадада әрі кетсе бір ғана алтын алып шектеледі. Ал жүзу спортындағы мықтылар бір дүбірлі додада бір емес, біраз қашықтыққа бақ сынап, бірнеше алтын алып жататынын көріп жүрміз. Сондай-ақ су спорты жөнінде насихат аз болып тұр. Жарыстарды жиі өткізуге тырысамыз, бірақ тұрғындар тарапынан жарысқа қатысуға қызығушылық жоқ. Қатысатын адам болмаған соң, көп жобаларымыз аяқсыз қалып жатыр. Жалпы, жүзу адам ағзасына тигізетін пайдасы мен өсері жағынан басқа спортқа қарағанда ерекше. Жүзумен тұрақты шұғылданған адамның бұлшық еті үйлесімді жетіледі, жүйке тамыры нығаяды, денедегі зат алмасу, тыныс алу мен қан айналу жүйесінің қызметі жақсарыды. Бұл спорт түріне Жалағаш жастары жиі тартылса, нұр үстіне нұр болар еді, — дейді Берікқазы Әуесбаев.

Алтынай МҰРАТ,
Қорқыт ата атындағы Қызылорда
университетінің 2 курс студенті



Мереке қарсаңындағы марафон



МЕМЛЕКЕТТІК ТУ, ЕЛТАҢБА, ӘНҰРАН – ЕЛДІҢ ТӘУЕЛСІЗДІГІ МЕН ЕГЕМЕНДІГІНІҢ АЙҚЫН КӨРІНІСІ. ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ БҰЛ БАСТЫ НЫШАНДАРЫНЫҢ ЭТАЛОНДАРЫ РЕСПУБЛИКАНЫҢ ТҰҢҒЫШ ПРЕЗИДЕНТІ МҰРАЖАЙЫНДА САҚТАЛУДА. БІЗДІҢ ЕЛІМІЗДІҢ ЖАҢА ТАРИХЫНЫҢ БЕТТЕРІНДЕ МЕМЛЕКЕТТІК НЫШАНДАРДЫҢ ОРНЫ ЕРЕКШЕ.

Мемлекеттік рәміздердің ресми бекітілуінің өз саяси тарихы бар. 1992 жылы 4 маусымда ҚР Президентінің Жарлығымен ҚР Мемлекеттік нышандары туралы заңға қол қойылды. 6 маусымда Президент резиденциясының және Жоғарғы кеңестің ғимараты үстінен Мемлекеттік ту көтеріліп, Елтаңба орнатылды. Дәл осы күні сол кездегі Алматы опера және балет театрында олардың тұсауына салтанаты өтті. 6 айдан соң, яғни 1992 жылы 11 желтоқсанда Мемлекеттік Әнұранның да мәтіні бекітілді. Бүгінде еліміздің жер-жерінде Рәміздер алаңы бой көтеруде.

Тәуелсіздік — халқымыздың баға жетпес асыл қазынасы, ұрпақтан-ұрпаққа мұра болып қалар теңдессіз байлығы. Осы орайда Тәуелсіздіктің 30 жылдығына тату ретінде Дәуімбай елді

мекенінде елдің басты нышанына деген құрмет пен отансүйгіш азаматтардың көмегі арқылы жабық бассейн жанынан Рәміздер аллеясы салынды.

4 маусым — Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Рәміздері күні. Бұл күн — халқымыздың мұқалмас рухы мен ежелден келе жатқан басты құндылықтарымызды айшықтайтын қастерлі күн. Осы ретте аудан жұртын ортақ мақсатқа біріктіруге және олардың патриоттық рухын көтеруге бағытталған бірқатар шара өтті. Шаралар легі 3 маусым күні мәдениет және спорт бөлімі, «Наркескен» спорт клубының ұйымдастыруымен ересектер арасында аудандық «ZHALAGASH MARATHON - 2023» жарысынан бастау алды. Марафонның басты мақсаты — жастарға спортты насихаттай отырып, салауатты өмір салтына баулу, спортқа

қабілетті жастардың өмірлік салтын қалыптастыру.

Таңмен таласа оянып, жүгіруге келген 120-ға жуық жас марафонға қатысып, бұқаралық спортты қолдайтынын көрсетті. Жүгіру ерлер мен әйелдер арасында ұйымдастырылды. Шараға аудан әкімінің орынбасары Ғани Сүлейменов қатысып, спортшыларға сәттілік тіледі.

Бұл спорттық шараға аудан жастары мен мекеме қызметкерлері, жоғары оқу орындарының студенттері мен оқушылар қатысты. Қатысушылар марафонды орталық стадионнан бастап, 3,5 шақырым қашықтыққа жүгіріп өтіп, орталық стадионға қайта табан тіреді.

Ерлер арасында III орынды Махмуд Ермак, II орынды Таң ауылынан келген Аслан Тұрсынбай, I орынды Жаңалап ауылының спортшысы Еркін Әбжамбаров иеленді. Сағи Хамит, Жомарыс Ыбырай, Дамир Базарбайұлы, Нариман Батишев, Дидар Сегізбайұлы, Марлан Зәкір, Әлихан Төлеген, Нұрәулет Жұбатхан, Данияр Есбөл, Байбөбек Жақсылық, Салауат Досым, Диас Қобыланбек сынды бірқатар қатысушы «Белсенді қатысқаны үшін» номинациясымен марапатталса, әйел-

дер арасында «Ең жас спортшы» номинациясын Айым Мұнайтыпас, «Үздік ұжым» номинациясын «Білім» саласы иеленді.

— Көңіл-күйім керемет. Мәреге алғашқы болып мен келдім. Өте керемет шара болды. Спорт — салауатты өмір келіпті. Спортпен шұғылданайық, — дейді ерлер арасында I орынды иеленген Еркін Әбжамбаров.

Сондай-ақ бұл марафонда «Ең жас спортшы» номинациясын иеленген Айым әйелдер арасында екінші келіп, үздіктер қатарынан көрінді.

— Бүгінгі марафонды ұйымдастырушыларға алғысымды білдіремін. Алдағы уақытта осындай жаппай марафондар жиі ұйымдастырылса екен. Себебі бұл — жастар үшін үлкен мүмкіндік, — дейді Айым.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, биыл бұл шараға қатысушылардың саны жылдағыдан көп болыпты. Салауатты өмір салтын ұстанған марафон жеңімпаздары аудан әкімінің алғыс хаты, бағалы сыйлық және медальдарымен марапатталды.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8/7242/ 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша

31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08

телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3097 Тапсырыс № 888

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75